



Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.



Бас редактор:
Айгүл Айтмуханова

Жауапты редактор:
Эльмира Абдукамалова

Редакторлар:
Қымбат Елтайқызы
Тазагүл Қабыкенқызы
Аяғоз Султанова

Суретші-дизайнер:
Аида Смайлова

Фотогілші:
Қанат Мусин

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №3-2025

«Астана қаласының жас мүгедектері»

Баспахана мекен-жайы:

Астана қ., Е 489, 6

Тел.: 8 701 251 90 17

Редакцияның мекен-жайы:

010000, Астана қаласы

Тәуелсіздік даңғылы, 54,

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

6-блок, 6-қабат, 618-бөлме

Байланыс телефондары:

+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)

e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

Журнал жылына 4 рет шығады

Пішімі 205x275 мм. Офсеттік басылым 4+4

Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ

Тұлғалар тағылымы

Аксакалова Ж., Шынарбек Н. Камиль Муллашев шығармашылығындағы ұлттық болмыспен заманауи кескіндеме мәнерінің тоғысуы.....	4
Ақпанбекова Ғ., Есжанова Г. Шоқан бейнесі музейде.....	12
Өмірсерік Т. Жіппен өрнектелген тарих.....	16
Пашко О. Художник-педагог Жамкен Серикбаев (1925-1998) к 100-летию со дня рождения художника.....	20

Халықаралық тәжірибе

Yang H. How Exhibitions Tell Each Other: Researches on Museum Practices of Cross-Cultural Communication with Silk Themes.....	23
Кубашева Е. Ыстамбұлдағы тілдік алмасу арқылы түрік тілінің мәдениетаралық коммуникациясы.....	30
Исабаева К. Повышение квалификации музейных специалистов через международные стажировки.....	33

Тарихи орын

Бегалиев О. Түркі дүниесі тәу етер Қорқыт ата кешені.....	38
Шаимова А. Музей в стиле ландшафтного пространства.....	41
Жұмашова А., Мусаева С. Ескерткіштерді музейлендіру және аймақтағы мәдени мұраны пайдалану.....	44
Шөмекей М. Жалағаштағы қабырға петроглифтері.....	49

Музей тынысы

Коньсбекова З. Социокультурный проект «Қазақстанның ұлттық қазынасы»: культурное партнёрство в динамичном городском пространстве.....	53
Алшимова Э. Қасиетті мұра: Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейіне 110 жыл.....	55
Нұрпейсов Б. Музей ісіндегі заманауи технологиялар: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің тәжірибесі.....	60

Бір жәдігер тарихы

Кадыльчина А. Карта Энтони Дженкинсона 1562 года.....	66
Шөмекей М. Қаршын.....	69

Қор қазынасы

Аубакирова Г. Художественное наследие Айши Галимбаевой в фондах Павлодарского областного художественного музея имени Н. Нурмухаммедова.....	70
Урдашева Г. Музей қорындағы сүйектелген бұйымдар.....	74
Дубовая Е. Оригинальная графика Казахстана XX в. Рисунок и акварель из собрания Павлодарского областного художественного музея имени Н. Нурмухаммедова.....	79

Мұра және қалпына келтіру

Мұхамедина Э. Қазынамызға қайта оралған жәдігерлер.....	83
Ченченкова О. Реставрация археологических фрагментированных сосудов из металла.....	86
Кащеев А. Причинная обусловленность биоповреждений музейных предметов.....	91
Чехова Е. Реставрация фрагментов кожаного футляра, расшитого шелком из могильника VIII-IX вв. в Северной Осетии.....	94

Естелік ізімен

Молдагулова Г. Жауынгер ерлігінің айғағы.....	98
---	----

ЕСТЕЛІК ІЗІМЕН

ЖАУЫНГЕР ЕРЛІГІНІҢ АЙҒАҒЫ

Гаухар Молдагулова

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақтөбе қ.

XX ғасыр адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Оның ішінде 1941-1945 жылдар аралығында өткен Ұлы Отан соғысы – Кеңес халқының, оның ішінде қазақ ұлтының да басына түскен үлкен сынақ, ауыртпалық пен ерлікке толы кезең болды. Бұл соғыс тек майдан шебінде ғана емес, сонымен қатар тылда жанқиярлықпен еңбек еткен жандардың, миллиондаған бейбіт тұрғын мен сарбаздың тағдырымен тығыз байланысты болды. Соғыс жылдарында майдан даласында да, тылда да ел мен жерді қорғау жолында ерен ерлік пен жанқиярлық танытқан азаматтар аз болмады.

1941 жылдың 22-маусымында фашистік Германияның Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасауы миллиондаған адамның тағдырын түбегейлі өзгертіп жіберді. Жауға қарсы тұру үшін ел жұмылып, түрлі ұлт өкілдері Отанды қорғауға аттанды.

Сол жылдары Қазақстаннан майданға 1,2 миллионнан астам адам аттанса, олардың жартысынан көбі майдан даласында қаза тапты немесе хабарсыз кетті. Бірақ бұл тек статистика емес – бұл әр адамның артында қалған өмір, отбасылық тарих, балалық арман, ерлік пен өшпес із.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Кеңес сарбаздары өз елінің тәуелсіздігі мен халқының амандығы үшін өмірлерін қиып, ерлік көрсетті. Бұл ерліктің ауқымы әртүрлі: кейбірі ұрыс даласында жауды тойтарып, танкке қарсы шабуыл жасаса, енді бірі жарақат алып, қайтадан соғысқа сұранып, ерлікпен қаза тапты. Батырлық – тек көзге көрінетін жауынгерлік әрекет емес. Ол – өз өмірін елі үшін құрбан етуге дайын болу, антына адал болу, соңғы демі қалғанша күресу.

Майдандағы ерлік әртүрлі формада көрінді. Бір жауынгер пулемет нүктесін жойып, ротаны құтқарса, екіншісі от ішінде қалған жолдасын алып шықты.

Бірі – командирі жараланған сәтте басқаруды өз қолына алып, бөлімшені шабуылға бастап шықты. Енді бірі – гранатаның сақинасын суырып, жау танкісінің астына қарай ұмтылды. Мұндай жанқиярлық оқиғалар мыңдап саналады. Алайда олардың әрқайсысының түп негізінде – Отанға

деген шексіз махаббат пен зор жауапкершілік сезімі жатты.

Ұлы Отан соғысы тек майдан шебінде ғана емес, тылда да жүріп жатты. Ер-азаматтардың көпшілігі майданға аттанған соң, елде қалған әйелдер, қарттар мен балалар өндіріс орындарында, ауыл шаруашылығында, темір жол бойында тынымсыз еңбек етті. Қазақстанда әскери зауыттар, азық-түлік қоймалары мен оқ-дәрі өндірісі ашылып, күндіз-түні тоқтаусыз жұмыс істеді. Қазақ даласы бұл кезеңде соғыс қажетіне жарап, бүкіл елді азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

Тылдағы ерліктің де өз кейіпкерлері бар. Бұл – 14-15 жасынан еңбек майданына араласып, шөп шауып, астық орып, көмір қазған жасөспірімдер, күн сайын ауыр еңбекке төзіммен шыдаған аналар мен әжелер, жаралы сарбаздарға көмек көрсеткен медбикелер мен дәрігерлер. Олардың қажырлы еңбегі болмаса, майдан даласына оқ-дәрі де, азық-түлік те жетпес еді. Сондықтан тылдағы әрбір еңбек адамының ерлігі – майдан шебіндегі жауынгердің батырлығымен бірдей.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы құрамындағы барлық халықты бір мақсат жолында біріктірді. Соғыс жылдарында түрлі ұлт өкілдері бір сапта жүріп, бір-бірінің өмірін арашалап, қиын-қыстау сәттерде қолдау көрсетті. Қазақ жауынгерлері орыс, украин, беларусь, өзбек, татар, грузин және басқа да көптеген ұлт өкілдерімен иық тіресе шайқасты. Бұл – ұлттар достығының, татулық пен өзара құрметтің жарқын көрінісі болды.

Соғыс жылдары Қазақстанға эвакуацияланған халық пен зауыттар орналастырылып, барлығы ортақ еңбекке жұмылдырылды. Қазақ халқы өз шаңырағына бөтен деп қарамай, эвакуацияланған адамдарды құшақ жая қарсы алды, соңғы нанын бөлісіп жеді. Бұл – жай ғана қонақжайлылық емес, бұл – рухани биіктік, бауырмалдық пен шынайы адамгершіліктің нышаны еді.

Соғыс жылдарында майданға аттанған ұлдарын, жарларын, бауырларын күткен аналар мен әйелдердің ерлігі де ешқашан ұмытылмайды. Олар үмітпен өмір сүрді. Қара қағаз алған сәтте жүректері қан жылап, қабырғалары қайысса да,

сынбай, тағдырға мойымай, еңбек майданына араласты. Ана жүрегі ұлының амандығы үшін күн сайын дұға етіп, көз жасымен таңды атырып, соңғы үміті үзілгенше күте білді. Бұл – жүрекпен жасалған ерлік, үнсіз әрі мұқалмас күрес еді.

Соғыс жетім мен жесірдің санын көбейтті. Қаншама бала әкесіз өсті, қаншама ана жалғыз қалды. Бірақ олар көз жастарын ішке жұтып, жылап отырып та баласын тәрбиеледі, болашаққа үмітпен қарады. Міне, бұл – рухтың беріктігі, халықтың асқақ ерік-жігері.

Мысалы, соғыстың алғашқы жылдары Мәскеу түбіндегі шайқастарда кеңестік сарбаздар жаудың басым күшіне төтеп беріп, фашистік армияны тоқтатып, кейін кері шегінуге мәжбүр етті. Бұл тактикалық жеңіс қана емес, моральдық серпіліс болды. Осы шайқастарда да көптеген жауынгер соңғы демі қалғанша шайқасып, әскери бөлімдердің тірегі бола білді. Олардың батырлығы ұрпаққа үлгі болды.

Құжаттар көрсеткендей, 101-дербес атқыштар бригадасы Ақтөбе қаласында 1941 жылдың 5 желтоқсанынан 1942 жылдың 1 мамырына дейін жасақталды. Кәдуілгі атқыштар бөлімі аталса да, бұл бірлік қазақ ұлтының ұлттық құрамасы ретінде құрылған болатын.

Бригаданың құрылуына КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1941 жылғы 13 қаңтардағы және КСРО Қорғаныс Халық комиссарының 1941 жылғы 20 қарашадағы «Ұлттық атқыштар құрамаларын құру туралы» қаулысы ықпал етті. Осы қаулыға сәйкес, Орта Азия әскери округінің командалықшысы 1941 жылғы 27 қарашада «101-ші және 100-атқыштар бригадасын құру туралы» бұйрық шығарды.

Бұл – бригаданың жартысынан астамын негізгі ұлт өкілдері құрағандығының тағы бір дәлелі. 101-бригаданың құрамында 3804 солдат пен офицер болды. Олардың 705-і жұмысшы, 1503-і колхозшы, ал 1596-сы қызметші еді.

Бригада Ақтөбе, Гурьев, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының тұрғындарынан жасақталды. 101-атқыштар бригадасына алғашында подполковник Яковленко Севостьян Яковлевич басшылық етті. Бригада комиссары – аға политрук Нури Луфтрахманович Әлиев болды. Әскери штатқа сәйкес жасақталғаннан кейін, 1942 жылдың мамырында бригада құрамы 5007 адамға жетті.

Бригаданың материалдық-техникалық жабдықталуы туралы қызықты деректер бар. Оған 16 жүк және 6 жеңіл автомашина, 460 жылқы,

52 қосақтаулы және жекелеп жегілетін көлік, 89 ер, 1089 күртеше тон, 1428 құлақшын, басқа да көптеген мүлік берілген.

101-атқыштар бригадасы 1942 жылдың 19-23 қазаны аралығында майданға тартып, Калинин майданының 39-армиясының құрамына енеді. Бригада алғашқы шайқасына 1942 жылдың қарашасында Калинин, қазіргі Тверь облысы Оленико қаласы ауданында кірісіп, бірқатар елді мекенді азат етуге қатысады (Шыңбаев А., 1995, 20-22-бб).

1942 жылдың 11 тамызында 101-бригада Ақтөбе теміржол стансасынан эшелонмен біртіндеп майданға аттана бастады. Бірінші күні ескі әуежайда саптағы 5007 жауынгердің алдында облыстық атқару комитетінің төрағасы Нығмет Қамбаров митингіні ашты. Кейін облыстық атқару комитетінің хатшысы Қанапия Мұфтахин, бригада комиссары Нұри Әлиев және батальон комсоргы Қалыш Асқаров сөз сөйледі. Маршал Ворошилов қазақтарды батыл, уәдесінен айнымайтын, ержүрек халық ретінде мақтап, жалынды сөз айтты. Содан соң арнайы әкелінген ескі жүк көлігінің шанағына Нұрпейіс Байғанин жырау көтеріліп, батырлық эпостарды кезекпен жырлады.

Сөз сөйлегендер неміс фашизмін жеңіп, Кеңес өкіметінің жерін Батыс басқыншыларынан азат етіп, жеңіс туын Берлинге тігіп қайтуға тілек білдірді. Жыр аяқталған соң, майданның не екенін сезінбеген 17-18 жастағы жастар теміржол вокзалынан пойызға мініп, Мәскеу бағытына қарай аттанды. Эшелондар бірінен соң бірі Батысқа бет алды. Мәскеу қаласынан 12 шақырым жерде орналасқан Нагинск қаласындағы Боровое лагеріне жеткен дивизия осы жерде 3 айдан астам уақыт аялдап, жоспарлы жаттығулардан өтті. Құрамның бір бөлігі штатқа сәйкес қару-жарақпен жарақтандырылды. 1942 жылдың 3 қазанында генерал-майор Рябов КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы атынан бригадаға жауынгерлік Қызыл Туды тапсырды.

101-ші атқыштар бригадасы 1942 жылдың 23-25 қазаны аралығында 39-армия құрамында эшелонмен Калинин майданына жеткізілді. 25 қарашадағы бригададағы жауынгерлер саны – 4918 адам болды. Шайқасқа 26 қарашада кірді, бұл – «Марс» операциясының екінші күні еді. 26 қараша мен 29 желтоқсан аралығында 101-бригаданың 744 жауынгері қаза тапты, 313-і із-түзсіз жоғалды, ал 2544-і жараланды. Осылайша, құрамның 4918 жауынгерінің 3601-і ауыр шығынға ұшырады.

Жалпы, «Марс» операциясына Калинин және Батыс майдандарынан 5, 20, 22, 29, 31, 33, 39, 41-армиялардың 2 миллионнан астам сарбазы, 24 мың зеңбірек пен миномет, 3300 танк және 1100 ұшақ қатысты. Қарулы Күштердің әскерінің 73 пайызы опат болды. Кеңестік тарихта Ұлы Отан соғысындағы ең қантөгісті шайқас ретінде Сталинград шайқасы аталып келеді. Егер Сталинград шайқасында қарсылас тараптардан барлығы 27 армия қатысқан болса, Ржев плацдармындағы төрт шабуылға 42 армия жұмылдырылды. Сталинград шайқасында 1 миллион 600 мыңнан аса кеңес жауынгері қаза тапса, Ржев қырғынында 2 миллион 600 мың қызыл жауынгер опат болды (Байдербес F., 2015, 12-13-бб.).

1945 жылдың 9 мамырында Кеңес халқы Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Бұл жеңіс – миллиондаған адамның жанқиярлық еңбегі, қаны мен көз жасының ақталған нәтижесі болды. Бұл күн – тек тарихтағы бір ғана дата емес, ұлттың ұмытылмас ерлігі мен берік бірлігінің символы.

Соғыс жылдарында біздің жерлестеріміз де өшпес даңққа ие болды. Көптеген жауынгерлер

Кеңес Одағының батыры атағын алып, ордендер мен медальдармен марапатталды. Сұм соғыста ерен ерлік көрсеткендері үшін ғана емес, тынбай атқарған еңбектері үшін де менің атам көптеген медальдар мен марапаттарға ие болды.

2025 жылдың қаңтарында музей қорына экспонат қабылдау, сатып алу және сараптау комиссиясының кезекті отырысында Ұлы Отан соғысының ардагері, Ржев түбіндегі «Марс» операциясына қатысқан 101-ұлттық дербес атқыштар бригадасының жауынгері Ибраимов Рахметулланың құжаттарын, суреттерін, ордендерін, медальдарын, киген костюмін комиссия мүшелері сараптаудан өткізіп, комиссия мүшелерінің шешімі бойынша негізгі қорға және қосымша қорға қабылдады.

Қазіргі таңда атам Рахметулланың құжаттары, суреттері мен ерлігін сипаттайтын ордендері, медальдары, киген костюмі, яғни барлық қымбат естеліктер Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. Төмендегі кестеде медаль, ордендер туралы нақты ақпаратпен бөлістік.



Ардагер аталар. (1-қатарда оң жақтан 4-ші отырған – ҰОС ардагері, 101-дербес ұлттық атқыштар бригадасының жауынгері, байланысшы (радист) Ибраимов Рахметулла).



Комиссия отырысының талқылау барысы.

№	Медаль, орден атауы	Сипаттама	Берілген уақыты
1	«Ветеран труда» медалі 	Медальдің алдыңғы жағында «Ветеран труда», «СССР» деген жазу және балта, орак, бидай масағының суреті салынған. Артқы жағында «За долголетний добросовестный труд» деген жазуы бар. Көкшіл түсті лентасының ақ, қызыл жолақтары бар. Көлемі: шеңбер, d-35 мм. Материалы: металл.	Берілген уақыты белгісіз
2	«Ветеран труда» медалі 	Медальдің алдыңғы жағында «Ветеран труда», «СССР» деген жазуы және балта, орак, бидай масағының суреті салынған. Артқы жағында «За долголетний добросовестный труд» деген жазу бар. Бозғылт лентасының ақ, қызыл жолақтары бар. Көлемі: шеңбер, d- 35мм. Материалы: металл	1985 жылғы 30 қаңтардағы СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының шешімімен ұзақ жылғы адал еңбегі үшін 1985 жылғы 9 сәуір

3	«За отвагу» медалі 	Медальдің алдыңғы бетінің жоғарғы жағында үш ұшақтың суреті бейнеленген. Суреттің астында «За отвагу» және «СССР» деген жазу қызыл түспен жазылған. Төменгі жағында танк суреті бейнеленген. Артқы жағында медальдің номері жазылған. Бозғылт лентасының көк жолақтары бар. Көлемі: шеңбер, d-32 мм. Материалы: металл	1946 жылғы 5 қыркүйек №2545120
4	«Ветеран войны 1941-1945» төсбелгісі 	Төсбелгінің пішіні - бес бұрышты жұлдыз және «Ветеран войны 1941-1945» деген жазуы бар бір бөліктен тұратын мөрі бар, жайылған кәдімгі бесбұрыш. Төсбелгінің дәл ортасында «Жауынгер - азат етуші» бейнесі бар. Көлемі: бес бұрышты, d-33 мм. Материалы: металл	ТМД үкіметтері басшыларының 1999 жылғы 8 қазандағы Кеңесінің шешімі
5	«Отечественной войны II степени» ордені 	Орден белгісі - дөңес бес бұрышты жұлдыз, оның сәулелері лағыл-қызыл эмальмен жабылған. Дәл ортасында орақ пен балғаның суреті және «Отечественная война» деген жазу бар. Төменгі жағында кішкентай алтын жұлдыз бар. Көлемі: бес бұрышты, d-47 мм. Материалы: металл	1985 жылғы 11 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығы Серия Г №687748
6	«Двадцать лет победы в Великой отечественной войне 1941-1945гг» мерекелік медалі 	Медальдің беткі жағында жауынгер бейнесі мен «1945-1965» саны, артқы жағында «Двадцать лет победы в Великой отечественной войне 1941-1945гг.» және «XX» рим цифры, жұлдызша бар. Түсі: сары, қызыл түсті лентаның жасыл, қара жолағы бар. Көлемі: шеңбер, d-32 мм. Материалы: металл	1965 жылғы 7 мамырдағы КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығы 1966 жылғы 23 тамыз А №8995668

7	«Тридцать лет победы в Великой отечественной войне 1941-1945 гг.» мерекелік медалі 	Бет жағында «участнику войны XXX лет победы в Вел. отечес. войне 1941-1945гг» деген жазу, орақ пен балғаның бейнесі бар. Артқы жағында «Отан-Ана» мүсіні, жұлдызша, бидайдың масағы бейнеленген, «1945-1975» сандары жазылған. Қызыл түсті лентаның аспан көк, сары, қара жолақтары бар. Көлемі: шеңбер, d-36мм Материалы: металл	1975 жылғы 25-сәуірдегі КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығы 1975 жылғы 29 тамыз
8	«Сорок лет победы в Великой отечественной войне 1941-1945гг.» мерекелік медалі 	Медальдің беткі жағында бес бұрышты жұлдыздың, солдаттың, жұмысшының, колхозшының мүсіндік, Спасск мұнарасының бейне-лері, жоғарғы жағында «1945» және «1985» жылдары орналасқан. Артқы жағында «Участнику войны» деген жазу, «Сорок лет победы в Великой отечественной войне 1941-1945гг.», орақ пен балғаның бейнесі салынған. Қызыл, жасыл, қара, сары жолақты лентасы бар. Түсі: сары. Көлемі: шеңбер, d-32 мм. Материалы: металл	1985 жылғы 12 сәуірдегі КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығы 1985 жылғы 8 мамыр
9	«50 лет Вооруженных Сил СССР» мерекелік медаль куәлігі 	1969 жылғы 22 мамырда «50 лет вооруженных сил» медалімен наградталғандығын айқындайтын медаль куәлігі. Куәлік орыс тілінде жазылған. Медалі жоқ. Түсі: ақшыл. Көлемі: 8x11 см. Материалы: қағаз.	1967 жылғы 26 желтоқсандағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы 1969 жылы 22 мамыр
10	«70 лет Вооруженных Сил СССР» мерекелік медалі 	Медальдің бет жағында «70 лет вооруженных сил СССР» деген жазу бар. Жазудың астында лаврмен гүл шоғы орналасқан. Артқы жағында лавр бұтағының, ұшқыштың, матрос-тың және жауынгердің бейнелері бар. Жоғарғы бөлігінде орақ пен балға бар бес бұрышты жұлдыздың бейнесі, төменгі бөлігінде «1918» және «1988» сандары орналасқан. Көлемі: шеңбер, d-32 мм. Материалы: металл	1988 жылғы 28 қаңтардағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы 1989 жылғы 20 ақпан

11	«За победу над Германией» мерекелік медалі 	Медальдің беткі жағында Кеңес Одағының Маршалы киіміндегі И.В.Сталиннің бюсті, «Наше дело правое», «Мы победили» деген жазулар бар, артқы жағында «За победу над Германией», «В Великой Отечественной войне 1941-1945 гг» деген жазу, бес бұрышты жұлдыз орналасқан. Көлемі: шеңбер, d-32 мм. Материалы: металл	1945 жылғы 9 мамырдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы 1946 жылғы ақпан № 0350884
12	«Победитель соцсоревнования» төсбелгісі 	Төсбелгі тісті дөңгелек түрінде, оның ортасы қызыл ту ішінде «Победитель соцсоревнования, 1978» деп жазылған. Төсбелгінің бекітетін жоғарғы жақ жиегі –сары, ортасы – қызыл түсті. Артқы жағында түйреуіші бар. Көлемі: шеңбер, 55x32мм. Материалы: металл	Орталық Кәсіподақ комитеті мен Министрліктің атынан 1979 жылғы 26 қаңтар
13	«За освоение целинных земель» медаль куәлігі 	«За освоение целинных земель» медалімен наградталды. Медалі жоқ. Орыс тілінде жазылған. Түсі: сырты – жасыл, жазуы қара. Көлемі: 8x11 см. Материалы: қағаз	1956 жылғы 20 қазандағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы 1957жылғы 14 мамыр
14	«Жуков медалі» 	Медальдің бет жағында Жуковтың бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде «Георгий Жуков» бедерлі жазуы, төменгі бөлігінде лавр мен емен бұтақтарының бедерлі бейнесі бар. Артқы жағында «1896-1996» сандары жазылған. Төменгі бөлігінде лавр және емен бұтақтарының бейнесі орналасқан. Түсі: қызыл, лентада сары, қара жолақтар бар. Көлемі: шеңбер, d-32мм. Материалы: металл	ҚР Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Басшылары кеңесінің 1995 жылғы 26 мамырдағы шешіміне сәйкес, Кеңес Одағы Маршалы Г.К.Жуков медалі 1997 жылғы 20 ақпан

15	«Жеңіске 60 жыл» медалі 	Медальдің алдыңғы бетінде 5 жұлдыздың суреті, СССР, победа, 1945-2005 және Кремль суреті салынған. Артқы жағында «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» деген жазу бар. Қызыл түсті, лентада сары, қара жолақтар бар. Түсі: алтын түстес. Көлемі: шеңбер. d - 32 мм. Материалы: металл	ҚР Президентінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі №1439 Жарлығы бойынша №016385
16	«50 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945» медалі 	Медальдің бет жағында «50 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945» деген жазу жазылған, астыңғы жағында бидай масағының суреті бар. Артқы жағында Спасск мұнарасы, Подмосковье соборы, Кремль суреті, астында «1945-1995» деген жазу бар. Төменгі жағында орақ пен балғасы бар бес жұлдыз бейнеленген. Қызыл түсті, лентаның сары, қара жолақтары бар. Артқы жағында бекітетін түйреуіш бар. Түсі: алтын түстес. Көлемі: шеңбер, d-32 мм. Материалы: металл	1995 жылғы 9 мамыр
17	«Ветеран войны 101 ОКНБ 40 лет» медалі 	Медальдің беткі жағында «Ветеран войны 101 ОКНБ 40 лет» СССР деген жазу жазылған. Орақ пен балғаның, бидай масағының суреті бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Ветеран труда» деген жазу бар. Артқы жағында «За долголетний добросовестный труд» деген жазу жазылған. Көкшіл түсті, лентаның қызыл, ақ жолақтары бар. Түсі: бозғылт. Көлемі: шеңбер, d-32 мм. Материалы: металл	1985 жылғы 9 мамыр
18	«Гвардия» төсбелгісі 	Жиегінде лавр гүл шоқтары, жоғарғы жағы алтын жиекті қызыл тумен жабылған. Қызыл туды алтын әріптермен: «Гвардия» деген жазу жазылған. Ортасында қызыл бес бұрышты жұлдыз орналасқан. Ал төменгі бөлігінде «СССР» сөзі жазылған. Төсбелгі алтын жалатылған. Көлемі: 47x30 мм Материалы: металл	КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1942 жылғы 21 мамырдағы Жарлығы

19	«За доблестный труд» в ознаменованию 100-летия со дня рождения В.И.Ленина» медалі 	Медальдің беткі жағында «За доблестный труд» в ознаменованию 100-летия со дня рождения В.И.Ленина деген жазу, орақ пен балғаның суреті бар. Арт жағында В.И.Лениннің суреті бейнеленген, астында «1870-1970» сандары жазылған. Қызыл түсті, лентаның сары жолағы бар. Артқы жағында бекітетін түйреуіш бар. Түсі: алтын түстес. Көлемі: шеңбер, d-32x20 мм. Материалы: металл	1970 жылғы 22 сәуір
----	---	---	---------------------

Жеңісті жақындатқан әр адамның, мейлі ол жауынгер, мейлі тылдағы еңбеккер болсын – өз үлесі бар. Жеңіс – солдаттың соңғы оғы, баланың жазда шөп жинаған еңбегі, ананың көз жасы, ұстаздың тәрбиелеген сөзі, теміржолшының дер кезінде жеткізген жүгі. Жеңіс – бүкіл халықтың ортақ мұрасы.

Бүгінде бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқан ұрпақ үшін сол ауыр жылдарды, онда жасалған ерлікті ешқашан ұмытпау – азаматтық борыш. Батыр ата-бабаларымыздың ерлігі мен күресін еске алмау – өз тарихымызға және болашағымызға салғырт қарау деген сөз. Сондықтан ерлік тақырыбы мектеп оқулығынан бастап, көркем әдебиет пен кино өнеріне, күнделікті тәрбиеге дейін кеңінен орын алуы қажет.

Мектептерде ерлік сабақтарын өткізу, музейлерге экскурсиялар ұйымдастыру, ардагерлермен кездесулер өткізу – жас буынның елжандылық қасиетін оятуға зор ықпал етеді. Батырлық – генетикада емес, тәрбиеде. Сондықтан батыр бабалар рухына тағзым ете отырып, сол ерлікті жүрекпен сезініп, бейбіт өмірді қадірлей білейік!

Әдебиеттер тізімі:

1. Шыңбаев А. Жеңіске 50 жыл. Ақтөбе облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігі, 1995, – 115 б.
2. Байдербес Ғ. Ржев шайқасының қаһармандары. Ақтөбе, 2015. – 260 б.

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Алматыдағы Қастеев музейі желтоқсанға дейін жабық болады

Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеев атындағы ұлттық өнер музейі жөндеуге жабылды. «Қажетті жөндеу жұмыстарының жалғасуына байланысты Ә.Қастеев атындағы ұлттық өнер музейі желтоқсанға дейін уақытша жабық болады. Бұл шара сіздерге көрсетілетін қызмет сапасын арттырып, музей кеңістігін барынша қолайлы ету мақсатында жүзеге асырылып жатыр», – деді баспасөз қызметі.

Еске салсақ, жылдың басында Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі мен ҚР Орталық мемлекеттік музейіне «ұлттық» мәртебесін берген болатын.

Дереккөз: Қастеев музейінің баспасөз қызметі